



БАСПАЛДАҚПЕН КӨТЕРІЛУ ЖӘНЕ ОДАН ТҮСУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық білім беру ұйымдарының баспалдақтарында балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу үшін әзірленді.

1. Ересектің еріп жүруінсіз баспалдаққа көтеріліп, түсуге болмайды.
2. Баспалдақпен төмен түсіп, көтерілген кезде таяныштан ұстау керек.
3. Баспалдақпен түсу және көтерілу кезінде жұппен жүруге және бір-бірінің қолынан ұстауға болмайды.
4. Баспалдақпен төмен түсіп, көтерілгенде абай болу керек, сатылардан аттап өтуге, секіруге болмайды.
5. Сатылардың шетіне тұруға, сатылардан секіруге болмайды.
6. Баспалдақпен жүгіруге, бір-бірін қуалауға, итеруге тыйым салынады.
7. Алда келе жатқан тәрбиеленушілердің қолынан, киімдерінен тартуға тыйым салынады.
8. Қолына үлкен заттардыалып, баспалдақпен төмен түсуге болмайды.
9. Таяныштың аралығына кіруге, оларға ілініп тұруға болмайды.
10. Ересектердің рұқсатынсыз және ересектің еріп жүруінсіз топқа/кабинетке оралуға болмайды.
11. Бала баспалдақта жарақаттанып қалған жағдайда тәрбиешіге айтуы керек.

